Әділет

# Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүліктің ұрлануымен күрес жөніндегі үйлестіру шараларының Жоспары туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 27 тамыз N 1058. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1996.09.09. N 1101 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүліктің ұрлануымен күрес жөніндегі үйлестіру шараларының Жоспары бекітілсін /қоса беріліп отыр/.

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, жергілікті атқарушы органдар Жоспарда көзделген шараларды жүзеге асыруды бақылаушы құқық қорғау органдарына жәрдем көрсетсін.

3. Жоспардың орындалуын бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Н.А.Шайкеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 27 тамыздағы
N 1058 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүліктің ұрлануымен
күрес жөніндегі үйлестіру шараларының
ЖОСПАРЫ

| N р/с | Шаралар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Мемлекеттік меншікті жекешелендіру кезіндегі және мемлекеттік тұрғын емес жайларды мүлік. тік жалдауға тапсыру тәртібі мен бюджетке қаражаттың толық түсуінің заңдылығын сақтауды тексеру | 1996 жылдың тамыз-қыркүйегі |
| 2. | Республикаға метал, мұнай және көмір экспор. тынан, әсіресе шағын, коммерциялық және бірлескен кәсіпорындардың экспортынан валюта қаражатының уақтылы және толық түсуі мәселелерін реттейтін заңдардың сақталуын тексеру | 1996 жылдың Тамыз-қыркүйегі |
| 3. | Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі. мен алынған шетел кредиттерін мақсатты пайдалану және уақтылы өтеу мәселесін реттейтін заңдардың қолданылуын тексеру | 1996 жылдың қыркүйек-қазаны |
| 4. | Бюджет қаржысын мақсатты пайдаланбаудан және меммүлікті ұрлаудан келтірілген шығынның орнын толтыру туралы сот шешімі талабының орындалуын тексеру | 1996 жылдың қазан-қарашасы |
| 5. | Заемшылардың мерзімі өткен несие берешек. терінің орнын толтыру жөніндегі шара қолдану бөлігінде сот тәртібінен тыс жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банкілерді күштеп тарату жөніндегі комиссияның жұмысын тексеру | 1996 жылдың қазан-қарашасы |
| 6. | Бюджетке кеден бажының босатылған немесе мерзімі ұзартылған коммерциялық және мемлекеттік құрылымдардың, төлемдерінің заңдылығын тексеру | 1996 жылдың III тоқсаны |
| 7. | Темір жол, әуе, автомобиль, теңіз және өзен көлігімен тасымалданатын жүктерді сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі заңдардың қолданылуын тексеру | Бұл да сол |
| 8. | Соттардың шаруашылық істерді қарау кезіндегі заңдылықтардың жай-күйін тексеру | -"- |
| 9. | ТМД елдерінің резиденттері мен экспортерлері арасындағы есептесу кезіндегі заңсыз қолма | 1996 жылдың III-IY тоқсаны |

қол ақшаның айналысы мен күресу мақсатында импортерлердің атына түскен және қолма қол есептескен /құны 10 мың АҚШ долларынан жоғары/ жүкті кедендік ресімдеу фактілерін айқындау жөніндегі тексеруді жүзеге асыру

10. Соңғыларынан өтелмеген шығынның сомасын анықтай отырып қайтарылмаған кредиттердің өтеу есебінен алынған клиенттердің кепілдік мүлкін екінші деңгейдегі банктің рәсімдерінің дұрыстығын тексеру — 1996 жылдың III-IY тоқсаны

11. Шаруашылық жүргізуші субъектілерінің бюджетке толық төлеуден босатылуы немесе оларға жеңілдік берілуі жөніндегі заңдардың сақталуын тексеру — 1996 жылдың IY тоқсаны

12. Тергеу және сот практикасын зерделеу және қорытындылау:
мемлекеттік мүліктің ұрлануы туралы іс жөнінде; — Бұл да сол
кеден тәртібін бұзу кеден құқығының бұзылған тікелей объектілерін тәркілеу және сату туралы кеден саласы ісіндегі контрабанда және өзге қылмысты іс жөніндегі қылмыстық және әкімшілік іс жөнінде — 1996 жылдың IY тоқсаны

13. Мемлекеттік мүлікті ұрлануымен күрес жөніндегі бақылауды және құқықтық қорғау органдарының жұмысын жетілдіру жөніндегі ұсыныстамаларын әзірлеу — Бұл да сол

| Орындаушы | Шараларды аяқтау нысаны |
|---|---|
| 4 | 5 |
| Қаржымині жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті, Мемм үліккомы, Бас Прокуратура, ҰҚК, МТК | Қазақстан Республикасы Үкіметіне баяндау |

| | |
|---|---|
| Қаржымині жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті, Кеден комитеті, Ұлттық банк, Бас Прокуратура, ҰҚК, МТК | бұл да сол |
| Қаржымині жанындағы қаржы-валюта бақылау комитеті, Қаржымининің Бас салық инспекциясы, Бас прокуратура, ҰҚК, МТК | Шетел кредитін өтеу жөніндегі Комиссияның ақпараты |
| Әділетмині, Бас прокуратура, Қаржымини жанындағы қаржы-валюта бақылау комитеті | Конституциялық Кеңеске ақпарат |
| Бас прокуратура, Қаржымини жанындағы қаржы-валюта бақылау комитеті, Ұлттық банк, ҰҚК, МТК | Қауіпсіздік Кеңесіне ақпарат |
| Бас прокуратура, Кеден комитеті, Қаржымини жанындағы қаржы-валюта бақылау комитеті, ҰҚК, МТК | Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндау |
| Бас прокуратура, МТК, Кеден комитеті | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне ақпарат |
| Бас прокуратура | |
| Қаржымини жанындағы қаржы-валюта бақылау комитеті, Кеден комитеті, Салық полициясы | |
| Қаржымини жанындағы қаржы-валюта бақылау комитеті, МТК, Ұлттық банк | Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндау |
| Бас прокуратура, Қаржымининің Бас салық инспекциясы, Қаржымини жанындағы қаржы-валюта бақылау | Бұл да сол |

комитеті, МТК, ҰҚК

Бас прокуратура, МТК, ҰҚК,
Жоғарғы сот

| | |
|---|---|
| Бас прокуратура, МТК, ҰҚК, Кеден комитеті, Жоғарғы сот | "Кеден саласы ісіндегі контрабанда және басқа қылмыстар туралы, кеден ережелерін бұзу жөніндегі істердің сот практикасы туралы" Жоғарғы Соттың қаулысы |

Қаржымині, Бас прокуратура,
МТК, ҰҚК,

© 2012. РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»
Министерства юстиции Республики Казахстан